1. Matthew Adams. *The Reflexive Self and Culture: A Critique. British Journal of Sociology. 2003*54(2):221-38 doi:[10.1080/0007131032000080212](https://doi.org/10.1080/0007131032000080212) Source PubMed
2. Simmons M. *Reflection as pedagogy in action research. 2021. Pp 245-258. <https://www.tandfonline.com/>*
3. Hutorskoj A.I. *Deyatel'nost' kak sodержanie obrazovaniya//Narodnoe obrazovanie. - 2003. - №8. - p. 113.*
4. Hibajene M. *Shandomo. The Role of Critical Reflection in Teacher Education Buffalo State College <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ915885.pdf>*
5. Rubinshtejn S.L. *Chelovek i mir. M.: Nauka, 1997. 189 p.*
6. Kaziev K.O. *Pedagogicheskie usloviya razvitiya refleksii budushchih pedagogov-psihologov//Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni Halela Dosmuhamedova, Glavnaya - Tom 61, №2 (2021)*
7. Nurahmetova K.M. *Povyshenie refleksivnoj kul'tury uchitelya – zalog uluchsheniya praktiki prepodavaniya//III kniga Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii Altynsarinskije chteniya k 80 letiyu Kostanajnskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni Umirzaka Sultangazina//Aktual'nye problemy povysheniya kachestva obrazovatel'noj praktiki. – Kostanaj, 2019. - 257 p., 40-45 p.*
8. Mynbaeva A.K., Sagindykova G., Karabutova A.A. *Refleksivnoe prepodavanie: analiz metodicheskoy sistemy uchebnikov po samopoznaniyu dlya 8-12 klassov//Kazahskij nacional'nyj universitet im. al'-Farabi, Kazahstan, g. Almaty, 2021*
9. Kulyutkin Yu.N., Suhobskaya G.C. (sost.). *Lichnost': vnutrennij mir i samorealizaciya. Idei, koncepcii, vzglyady. SPb.: Tuskarora, 1996. 175p.*
10. Slobodchikov V.I. *Refleksiya kak princip sushchestvovaniya individual'nogo soznaniya // Eksperimental'nye issledovaniya po problemam obshchej i social'noj psihologii i differencial'noj psihologii. M., 1979. p. 15-20.*
11. Karpov A.V. *Refleksivnost' kak psihicheskoe svojstvo i metodika ee diagnostiki // Psihologicheskij zhurnal. 2003. T. 24. № 5. p. 45-57*
12. Reprincev A.V. *Nauchno-pedagogicheskaya shkola Borisa Zinov'evicha Vul'fova // Psihologo-pedagogicheskij poisk. 2011. № 3 (19). p. 26-45.*
13. Bizyaeva A.A. *Psihologiya dumayushchego uchitelya: pedagogicheskaya refleksiya. Pskov: PGPI im. S.M. Kirova, 2004. 216 p.*
14. Kuznecova O.V. *Refleksiya kak neobhodimoe uslovie stanovleniya professional'noj identichnosti pedagoga-psihologa. Gorizonty zrelosti // Sbornik tezisov uchastnikov Pyatoj vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii po psihologii razvitiya. M.: MGPPU, 2015. 643 p.*
15. Rudenko A.V. *Metodika formirovaniya refleksivnoj kul'tury studentov <https://spravochnick.ru/file/scientific-article>*
16. Shuchkovskaya E. *Issledovanie refleksii u studentov. E. Shuchkovskaya // Vyssee obrazovanie v Rossii. - 2006. - № 12. - p. 78 - 80.*
17. Slastenin V.A. *Refleksivnaya kul'tura i professionalizm uchitelya // Pedagogicheskoe obrazovanie i nauka: Nauchno-metodicheskij zhurnal. 2005. № 3. p.37*
18. Barton G and Ryan M. *What Does Reflection Look and Feel Like for International Students? An Exploration of Reflective Thinking, Reflexivity and Employability. Journal of international students. 2020. pp.1-16. <https://doi.org/10.32674/jis.v10iS2.2848>*
19. Klochek L., Rzhavska-Shtefan Z., Melnychuk S., Blyzniukova O., Gelbak A., Mankovska I. *Developing prospective teachers' reflexivity in the process of professional training. ADALTA: Journal of Interdisciplinary Research. Volume 11. Issue 02. Special XXI August, 2021. pp.204-208. (Web of Science)*

У.Ж. Құдайбергенова <sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,  
Шымкент қ., Қазақстан

## АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЕРДІ ЖАЗБАША ҚАТЕЛЕРДІ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЯРЛАУ ЖАҒДАЙЫ

*Аңдатпа*

Мақалада 6В019-«Арнайы педагогика» (Логопедия) бағыты бойынша жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуын түзетуге бағытталуының жеткіліктілігін зерттеу үшін 17 Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының талдауы ұсынылған. Аталған мәселенің қазіргі таңда Қазақстанда және шетелде зерттелу деңгейін талдау негізінде балалардағы жазбаша сөйлеу тілінің спецификалық бұзылыстарын түзету жұмыстарында қазақ тіліне басымдық беретін ғылыми деректердің жоқтығын анықталды.

Университеттердің 2019-2023 оқу жылдарындағы 6В019-«Арнайы педагогика» білім беру бағдарламаларын талдау Қазақстандағы жоғары оқу орындарының 11%-ында жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуын түзетуге бағытталған пәндер мүлде оқытылмайтынын, бір де біруниверситетте қазақ тіліне тән жазбаша қателерді жою ерекшеліктерін ашатын оқу пәндері ұсынылмағанын анықтауға мүмкіндік берді.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау нәтижесінде жазбаша сөйлеу тілі бұзылған балалармен нәтижелі жұмыс жүргізілуі үшін арнайы педагогтерді даярлау мазмұнына арнайы оқу пәндері енгізілуі керек деген қорытынды жасалды. Пәнді оқыту барасында студенттер қазақ тіліне тән 9 әріптің жазылу ерекшеліктерін меңгереді, апострофтарға талдау жасайды, олардың белгілі дәрежеде араласуына ықпал ететін ұқсастығын біледі; қазақ тіліне тән әріптердің бұзылысын түзету ерекшеліктерін зерттейді және т.б.

**Түйін сөздер:** арнайы педагогтерді даярлау, педагогтің кәсіби құзыреттілігі, білім беру бағдарламасы, жазбаша қателер, дисграфия.

Құдайбергенова У.Ж.<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова  
г.Шымкент, Казахстан

## СОСТОЯНИЕ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ К РАБОТЕ ПО ИСПРАВЛЕНИЮ ПИСЬМЕННЫХ ОШИБОК

*Аннотация*

В статье представлен анализ образовательных программ 17 казахстанских вузов по направлению подготовки 6В019-«Специальная педагогика» (Логопедия) для изучения достаточности их направленности на исправление нарушений письменной речи. На основе анализа современного состояния изученности данной проблемы в Казахстане и за рубежом мы выявили недостаточность научных данных, которые отдают приоритет казахскому языку в работе по коррекции специфических нарушений письменной речи у детей. Анализ образовательных программ вуза 6В019 - «Специальная педагогика» на 2019-2023 учебный год в Казахстане позволил установить, что в 11% вузов вообще не изучаются дисциплины, направленные на коррекцию нарушений письменной речи, и ни в одном вузе не представлены учебные дисциплины, раскрывающие особенности устранения специфических письменных ошибок на казахском языке. В результате анализа содержания образовательных программ делается вывод, что для последующей эффективной работы с детьми с нарушениями письменной речи в содержание подготовки специальных педагогов должны включаться специальные учебные дисциплины. В процессе их изучения студентами будут рассматриваться особенности написания 9 букв казахского языка, анализироваться характерные апострофы, схожесть которых в определенной степени способствует их смешиванию; изучаться специфика коррекции нарушений букв, характерных для казахского языка и многое другое.

**Ключевые слова:** подготовка специальных педагогов, профессиональная компетентность педагога, образовательная программа, письменные ошибки, дисграфия.

Kudaibergenova U.<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekova  
Shymkent, Kazakhstan

## THE STATE OF PREPARATION OF SPECIAL TEACHERS FOR WORK ON CORRECTING WRITTEN ERRORS

### Abstract

The article presents an analysis of educational programs of 17 Kazakhstani universities in the field of training 6B019-"Special pedagogy" (Speech therapy) to study the sufficiency of their focus on correcting violations of written speech. Based on the analysis of the current state of the study of this problem in Kazakhstan and abroad, we have identified a lack of scientific data, who give priority to the Kazakh language in the work on the correction of specific violations of written speech in children. An analysis of the educational programs of the university 6B019-"Special Pedagogy" for the 2019-2023 academic year in Kazakhstan allowed us to establish that 11% of universities do not study disciplines aimed at correcting violations of written speech at all, and no university presents academic disciplines that reveal the features of eliminating specific written errors in the Kazakh language. As a result of the analysis of the content of educational programs, the conclusion is made, that for the subsequent effective work with children with writing disorders, special academic disciplines should be included in the content of the training of special teachers. In the process of studying them, students will consider the peculiarities of writing 9 letters of the Kazakh language, analyze characteristic apostrophes, the similarity of which contributes to their mixing to a certain extent; study the specifics of correcting violations of letters characteristic of the Kazakh language and much more.

**Keywords:** training of special teachers, professional competence of a teacher, educational program, written errors, dysgraphia.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта жазу қиындығы бар оқушылармен жұмыс істейтін арнайы педагогтерді даярлау мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Қазіргі білім беру жүйесі дисграфия сияқты әртүрлі жазбаша бұзылулардан зардап шегетін мектеп оқушыларының санының артуына тап болып отыр, бұл олардың оқу процесінде сәтті бейімделуін айтарлықтай қиындатады. Жазу күрделі және көп қырлы процесс ретінде баладан дамыған когнитивті, сөйлеу және моториканы, сондай-ақ осы дағдыларды оқу іс-әрекетінде тиімді қолдану қабілетін талап етеді. Жазудың бұзылуы, өз кезегінде, баланың академиялық үлгеріміне ғана емес, оның әлеуметтік бейімделуіне және психологиялық дамуына да кері әсерін тигізеді. Бұл мәселені шешудің негізгі факторларының бірі-жазудың бұзылуын түзете алатын және арнайы оқыту әдістеріне мұқтаж білім алушыларға қолдау көрсете алатын білікті мамандарды даярлау. Логопедия, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқыту әдістемесі саласында білімі мен практикалық дағдылары бар арнайы педагогтер жазбаша қателерді түзетуде маңызды рөл атқарады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, осы саладағы арнайы педагогтердің дайындық деңгейі көп нәрсені қалайды, бұл жазу бұзылыстары бар оқушылар үшін білім беру процесінің тиімділігіне қауіп төндіреді.

Осы зерттеудің *негізгі мақсаты* - жоғары оқу орындарының 6B019-«Арнайы педагогика» (Логопедия) білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау нәтижесінде жазбаша сөйлеу тілі бұзылған балалармен нәтижелі жұмыс жүргізілуі үшін арнайы педагогтерді даярлау мазмұнын анықтау. Арнайы педагогтердің кәсіби білімі мен дағдыларының деңгейін ғана емес, сонымен қатар осы саладағы мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламалары мен әдістемелік материалдардың қол жетімділігін қарастыру маңызды.

Р.И.Лалаева қазіргі логопедиялық теорияға сәйкес дисграфиядағы қателерді сипаттай отырып, олардың келесі ерекшеліктерін анықтайды. Дисграфиядағы қателіктер тұрақты және нақты болып табылады, бұл оларды бастауыш сынып оқушылардың көпшілігінде жазуды меңгеру кезеңінде кездесетін қателерден ажыратуға мүмкіндік береді. Жазудағы қателер көп қайталанатын және ұзақ уақыт сақталады. Дисграфиялық қателер сөйлеудің лексикалық-грамматикалық құрылымының қалыптаспауымен, оптикалық-кеңістіктік функциялардың дамымауымен, балалардың фонемаларды есту және айтылымда саралау қабілетінің төмен-

дігімен, сөйлемдерді талдаумен, фонемалық талдау мен синтезді жүзеге асырумен байланысты. Бұл бұзылыстар өздігінен түзетілмейтінін түсіну маңызды, сондықтан баламен кешенді түзету жұмыстарын жүргізу қажет, өйткені жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы баланың жалпы дамуына теріс әсер етеді, мектепке дұрыс бейімделе алмауына әкеп соғады, оқу процесін қиындатады және оның тиімділігін төмендетеді [1].

Дисграфияның жекелеген түрлерін түзету мәселелерін, оқушылардағы дисграфияның алдын алу және жою бойынша жұмыстың әртүрлі бағыттарын біз Л.С.Волкованың, Р.И.Лалаеваның, Л.Г.Парамонованың, С.Н.Шаховскаяның, М.С.Грушевскаяның зерттеулерінен табамыз. Қазіргі кезеңдегі оқушының дисграфиясын жоюдың логопедиялық аспектісі, дисграфияның орфографияны меңгеру процесіне әсері Т.В. Ахутина, Р.И.Лалаева, А.Н.Корнева, В.И.Ляудис, Л.Г.Парамонова, Л.С.Цветкова және О.И.Азова, Л.Г.Парамонова, И.В.Прищепова, И.А.Денисова сияқты зерттеушілердің жұмыстарында айқындалған.

Қазіргі әлеуметтік-педагогикалық жағдайдағы дисграфияның педагогикалық аспектісі А.А.Архипова, Л.Н.Бережнова, О.А.Иванова, А.Г.Козлова, И.А.Маврина, Н.Г.Милованова, И.Г.Пчелинцева, С.А.Расчетина т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Логопедтерді жазбаша сөйлеу тілінің спецификалық бұзылыстарын жою бойынша даярлау мәселелерін О.Н.Суртаева және Г.В.Валиуллина ғалымдар өз еңбектерінде көрсеткен. [2-3].

Бұл ретте орыс тілді мектеп оқушыларының дисграфиясын түзету әдісін ресейлік зерттеушілер көп уақыт бұрын әзірлегенін және тәжірибеде сәтті қолданылып келе жатқанын айта кеткен жөн. Логопедтер спецификалық қателер жіберетін қазақ тілді балалармен түзету жұмыстары барысында ғылыми зерттеулердегі әдістеменің жеткіліксіздігінен, сондай-ақ университеттегі жеткіліксіз даярлығынан осы күнге дейін күрделі қиындықтарды бастан кешіруде. Сонымен қатар мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деп атап өтті.

Шетелдік ғалымдардың зерттеуінше Американдық мектептерде жазуында бұзылысы бар балалар саны 15-20%, Еуропалық мектептерде 10% құрайды. Ресейлік ғалымдардың зерттеулеріне сай жазу мен оқуды меңгеруде қиындықтарға тап болған бастауыш сынып оқушылардың жалпы саны 15% - дан 40% - ға дейін жетеді, бірақ бұл мәселені арнайы талдаудың болмауы жазбаша тілдің бұзылуының барлық көрсеткіштері анықталмайды деген болжам жасайды. Тиісті бағалаудың болмауының қауіпті екендігі қазірдің өзінде айқын, өйткені бастауыш білім беру мақсатындағы жазу және оқу оқушылардың одан әрі білім алу құралына айналады [4].

Қазақстанда тілдік пәндер бойынша үлгерімі нашар білім алушылар санының айтарлықтай артуы жоғары оқу орындарындағы болашақ логопедтердің қазақ тіліндегі жазбаша қателерді жою бағытындағы дайындығының жеткіліксіздігін көрсетеді. Мұндай мақсатты маман даярлаудың *өзектілігі* ерте және тиімді педагогикалық жұмысты қажет ететін ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының көбеюіне байланысты қазақ тілінде жазуы бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесін тез арада өзгерту қажеттілігімен түсіндіріледі.

Отандық білім беру кеңістігіне енген педагогикалық қызметтің кәсіби стандартында арнайы педагогке қойылатын талаптар ретінде дамуында бұзылысы бар балалармен жұмыс жасауда, әртүрлі оқушылардағы қайталама бұзылыстарды жою жұмыстарын жүргізуде психологиялық-педагогикалық технологияларды қолдану қажеттілігі көрсетілген.

Жалпы мектепте арнайы педагогке нақты оқу мүмкіндіктеріне, мінез-құлық ерекшеліктеріне, психикалық және физикалық денсаулығына қарамастан барлық балаларды педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Осы санаттағы барлық балаларда, сондай-ақ екі тілде сөйлейтін балаларда көбінесе жазуда спецификалық бұзылыстар

кездеседі, бұл барлық арнайы педагогтерді (тек логопедтерді ғана емес) мұндай балалармен дисграфияны жою бойынша жұмыс істеуге даярлау қажеттілігін көрсетеді.

Біздің елімізде қостілділікті дамуына барлық жағдай жасалған. Екі тілде - қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынастың теңгерімділігі баланың екі тілді табысты меңгерудегі шешуші себеп болып табылады. Әрине, бұл арада ата-аналардың балаларды екі тілде сөйлеуге үйретуі факторы да маңызды. Бұл ата-аналардың басты кемшілігі. Бүгінгі таңда біздің еліміздегі қостілділік балаларда «өздігінен» дамиды, сондықтан баланың сөйлеуінде және жазуында көптеген шатасулар кездеседі. Ата-аналар екі тілде қарым-қатынасты теңестіруі керек.

*Негізгі ережелер.* Жүргізген зерттеу жұмысымызда бірнеше жағдаяттарды анықтауға мүмкіндік берді:

- Жоғары оқу орындарында 89%-да жазбаша сөйлеу тілі бұзылысын түзетуге бағытталған пәндер оқытылады;

- 11%-да жазбаша сөйлеу тілі бұзылысын түзетуге бағытталған пәндер оқытылмайды;

- Қазақ тіліне басымдық берілген пәндер қарастырылмаған.

**Материалдар мен әдістер.** Теориялық зерттеулер көрсеткендей, арнайы педагогтің әдістемелік қызметі өзіндік сипатымен ерекшеленеді, ол көптеген арнайы әдістерді (пәндік, түзету және компенсаторлық бағыттардағы) игеру қажеттілігінен, оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, вариативті әдістемелік мәселелерді тез шешу қабілетінен, дамуында бұзылысы бар балаалрдың даму ерекшеліктерін түзету мен орнын толтыру қызметін жүзеге асырудан тұрады.

Ғалымдар білім алушылардың жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы туралы білімдерін жүйелеу, спецификалық қателерді жою үшін жүргізілетін түзету жұмыстарының мазмұны, ұйымдастырылуы және әдістері туралы арнайы жұмыстардың қажеттігін; бұзылыстың құрылымын, жазу мен оқу процесін меңгеруде қиындықтары бар оқушылардың қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушылардың түзету-педагогикалық іс-әрекетін жоспарлау және жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру қажеттігін; барлық мамандармен – психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысушылармен және ата-аналармен өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру қажеттігін дәлелдейді.

Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті анықтау бойынша белгілі бір тәжірибе жинақталып, ЖОО-да арнайы педагогтарды даярлаудың кейбір жалпы мәселелері зерделенді. Алайда, зерттеулерде логопедтерді «Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен», оның ішінде дисграфиямен жұмыс істеуге даярлау мәселелері іс жүзінде қозғалмады. Инклюзивті педагогтерді әртүрлі ақыл-ой операцияларын, соның ішінде ақыл-ой әрекеттерін дамытуға дайындау саласында көптеген зерттеулер болғанымен, мұғалімдерді жазбаша қазақ тілін меңгеруде қатты қиналатын балалармен жұмыс жүргізуге даярлау ерекшеліктері зерттелмеген.

Қазақстанда болашақ логопедтерді балалардың, әсіресе қазақ тілді балалардың жазбаша қателерін түзету бойынша жұмыс істеуге даярлау мәселесі жеткіліксіз зерттелгенін нақты айтуға болады. З.А.Мовкебаева, А.Б.Дүзелбаева, Б.А.Дюсенбаева бүгінгі таңда арнайы педагогтерді инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлаудың өзекті мәселелерін зерттеу қажеттілігін зерттеуінде көрсеткен [5].

Отандық зерттеуші З.А.Мовкебаева өз еңбектерінде арнайы педагогтерде арнайы жағдайлар мен инклюзивті білім беру ортасын құра білуге, оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеуге, басқа мамандармен, ата-аналармен және балалармен консультациялық көмек пен нәтижелі өзара іс-қимылды ұйымдастыруға байланысты құзыреттерді қалыптастыру қажеттігін атап өткен [6].

Б.А.Дюсенбаеваның зерттеулерінде Қазақстанда инклюзивті білім берудің белсенді таралуы жағдайында олардың инклюзивті мектептерде жұмысқа дайындығын жаңғырту маңыздылығын айқындады. Тиісінше, мұғалімдерді инклюзивті сыныптармен жұмыс істеуге



тиімді дайындау мәселелері ерекше өзектілігін атап өтті. Ұсынылған зерттеулерінің мақсаты аймақтағы жалпы білім беретін мектептердің дефектолог мұғалімдерінің инклюзивті білім беру тәжірибесін ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы пікірлерін салыстырмалы түрде зерттеу болды. Арнайы педагогтердің инклюзивті бағытталған кәсіби және жеке құзыреттіліктерін дамыту көбінесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне қосудың сәттілігіне байланыстылығын жұмыстарында қарастырды. Инклюзивті ұйымдарда тәжірибе жасайтын арнайы педагогтердің пікірін зерделеу негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруде арнайы педагогтерді даярлау тәсілдерін өзгертуді, оларды даярлау мазмұны мен бағыттарын жаңғыртуды талап ететіндігін зерделеді [7].

L.Romanovska., R.Janssen., M.Bonte жазудағы қиындықтар әр түрлі бұзылыстармен және сәтті жазу үшін қажетті негізгі дағдылардың әлсіреуімен байланысты болуы мүмкіндігін қарастырған. Мұндай дағдыларға мыналар жатады: жазу жылдамдығы, әріптердің түсініктілігі және ұсақ моторды үйлестіру. Егер осы компоненттердің кез келгені тиімсіз жұмыс істесе, бұл жазуды үйрену процесін айтарлықтай қиындатуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, бұл дағдыларды ерте кезеңдерде дамыту маңызды аспект болып табылады, өйткені олар жазу арқылы әрі қарай оқу мен өзін-өзі қалыптастыру қабілетінің негізін құрайды. Сондай-ақ балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру және осы дағдыларды нығайтуға бағытталған тәсілдерді қолдану маңызды [8].

Джоши мен Буктың зерттеулеріне сәйкес, жазуды оқытудың мақсатты тәсілі зейінді шоғырландыруға және көру және есте сақтау қабілетін нығайтуға бағытталған әртүрлі жаттығуларды қамтуы мүмкін, бұл әсіресе балалардың қабілеттерінің деңгейіне сәйкес маңызды [9]. W.Wiki және S.H.Lichtsteiner тиімді жазу тек сәйкес сөздерді таңдап, ретке келтіруді ғана емес, сонымен қатар сөздерді түсіну процесіне байланысты қысқа сөз тіркестерін түсінуді талап ететіндігі атап өткен. Бұл процесс жүйке жүйесі үшін күрделі қызмет болып табылады [10].

Оқуда дамуында бұзылысы бар балалар үшін сөйлемді аяқтау үшін дұрыс сөзді табу және әр сөздің рөлін түсіну қиын болуы мүмкін. Сондықтан үй тапсырмасын орындау және тәжірибеден өткізу олардың табысының кілті болады. Есту, көру және тактильді жаттығулар сияқты мультисенсорлық әдістерді, сондай-ақ әртүрлі тапсырмаларды қамтитын мақсатты тәсіл балалардың жазу қабілетін айтарлықтай жақсарта алады. Осылайша, оқытудың әртүрлі әдістерін біріктіру жазу дағдыларын тереңірек түсінуге және дамытуға ықпал етеді.

Арнайы педагогтердің жазбаша сөйлеу тілі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге даярлау қажеттілігінің жеткіліктілігін зерделеу мақсатында біз Қазақстандық жоғарғы оқу орындарының 6B019-«Арнайы педагогика» білім беру бағдарламадарына талдау жұмыстарын жүргіздік. Талдау үшін 17 ЖОО-ның білім беру бағдарламаларындағы «Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары кезіндегі түзету жұмыстары» сынды пәндерге және пән мазмұнын салыстырдық.

**Нәтижелер.** Салыстыру барысында келесідей нәтижеге көз жеткіздік: зерттеуге алынған білім беру бағдарламаларының 89%-ында жазбаша сөйлеу тілі бұзылысын түзетуге бағытталған пәндер оқытылады. Ал 11%-ында бұл пәндер мүлдем қарастырылмаған (1-кестеге қараңыз). Дегенмен жазбаша сөйлеу тілі бұзылысын түзетуге бағытталған пәндер жүргізілгенімен де, ол пәндерде қазақ тіліне тән әріптердің бұзылысын түзетуге ешқандай мән берілмеген (1-суретке қараңыз) [11].

1-кесте. ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына сипаттама.

№	ЖОО атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Пәннің атауы	Кредит саны
1	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	6В01901 Дефектология	Жазудың бұзылуы	5
2	Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті	6В01900 Арнайы педагогика	-	-
3	Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті	6В01901 Арнайы педагогика маманын (логопед) даярлау	Ауызша және жазбаша сөйлеуді түзету практикумы	7
4	Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	6В01902 Арнайы педагогика	-	-
5	Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті	6В01901 Арнайы педагогика	Дисграфия, дислексия	5
6	А. Байтұрсынов атындағы Қостанай Өңірлік университеті	6В01902 Арнайы педагогика	Жазбаша тілдің бұзылуын түзету бойынша логопедиялық жұмыс	5
7	Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті	6В01901 Арнайы педагогика	Жүйелік сөйлеу және дисграфия, дислексия бұзылыстарындағы логопедиялық жұмыс	5
8	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6В01901 Арнайы педагогика	Жазбаша тіл бұзылған жағдайда түзету-педагогикалық жұмыс әдістемесі	5
9	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	6В01906 Арнайы педагогика	Жазбаша тілді бұзу және оны түзету	5
		6В01902 Дефектология (логопедия)	Жазбаша тіл бұзылған жағдайда логопедиялық жұмыс	5
10	Қызылорда Ашық университеті	6В01902 Логопедия	Жазбаша тілді бұзу және оны түзету	
11	«Мирас» Университеті	6В01902 Дефектолог-	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар	7

		мұғалім, арнайы педагог	балалардың ауызша және жазбаша тілінің бұзылуы	
		6В01901 Дефектология	Интеллектісі бұзылған балалардағы ауызша және жазбаша тілдің бұзылуы	6
12	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	6В01901 Логопедия	Жазбаша сөйлеуді түзету	5
13	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті	6В01902 Арнайы педагогика. Логопедия	Жазбаша тілдің бұзылуына түзету жұмыстары	3
15	Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В01902 Арнайы педагогика	Ауызша және жазбаша тілдің бұзылуы кезіндегі түзету-дамыту жұмысы	5
14	М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	6В01901 Логопедия	Жазбаша тілі бұзылған балалармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру	6
15	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В01910 Дефектология	Дислексия мен дисграфияны логопедиялық түзету	5
16	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	6В01910 Дефектология	Жазбаша тілдің бұзылуымен логопедиялық жұмыс	4
17	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	6В01900 – Арнайы педагогика (логопедия)	Ауызша және жазбаша сөйлеуді түзету практикумы	5

1-кестеде көрсетілген жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасында пәннің мазмұнында қарастырылған мәселер:

- студенттердің жазбаша сөйлеу туралы түсініктерін адамның психикалық белсенділігінің күрделі формасы ретінде, дисграфияның, дислексияның әртүрлі түрлеріндегі бұзылыс құрылымы туралы, жазбаша сөйлеу бұзылыстарын еңсерудің түзету стратегиялары туралы қалыптастыру;

- студенттер жазу мен оқудың психофизиологиялық механизмдерімен, осы дағдылардың қалыпты қалыптасу жағдайларымен, дисграфия мен дислексияны тудыратын себептермен, сондай-ақ жазбаша тілді бұзу механизмдерінің заманауи тұжырымдамалары; дисграфия мен дислексияның жіктелуі мен белгілері;


- жазбаша тіл бұзылыстарын ерте айқындау мәселесі;

- дисграфия мен дислексияның әртүрлі формаларын болдырмау және еңсеру бойынша түзету-логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оқу мен жазудың бұзылуын жоюдың қолданыстағы әдістерімен танысу мәселелері;

- психикалық дамуы тежелген, зияты бұзылған, СТЖД, ФФЖ бар балаларда дисграфия мен дислексияның ерекшелігіне, сондай-ақ балалардың осы санаттарымен түзету жұмыстарының әдістемесі;

- дисграфия мен дислексияның әдіснамалық және теориялық негіздері, ауызша және жазбаша тілдің бұзылуының өзара байланысын анықтау;

- жазбаша тілдің бұзылуының этиопатогенетикалық негіздері мен салдары, мидың қызметтік механизмдері, олардың жіктелуі туралы қазіргі заманауи идеялардың мазмұнын ашу;
- дисграфия мен дислексияның әр-түрлі формаларында сөйлеу кемістігінің сипаты мен оны түзету жолдарын анықтаудың диагностикалық әдістері;
- жалпы білім беретін және арнайы мектептердегі оқушылардың спецификалық жазу бұзылыстарының дифференциалды диагнозын, балалардың әртүрлі санаттарының жазбаша сөйлеу бұзылыстарына бейімділік белгілерін анықтау және т.б [11].



1-сурет. ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына салыстырмалы талдау.

Жоғарыда келтірілген білім беру бағдаламасындағы пәндердің мазмұнын талдай келе қазақ тіліне тән төл дыбыстар мен әріптердің бұзылыстарын алдын алу, түзету, еңсеру жұмыстары қарастырылмағанына көз жеткіздік.

#### Ресурстар мен уақыттың жетіспеушілігі

Арнайы мұғалімдерді жазбаша тілде қиындықтарға тап болған балалармен жұмыс істеуге дайындау барысында ресурстар мен уақыттың жетіспеушілігімен байланысты көптеген проблемалар бар. Бұл факторлар білім сапасына және мамандардың жазбаша қателіктерді тиімді түзетуге дайындығына теріс әсер етеді.

Көптеген жоғары оқу орындары жазбаша тілдің бұзылуымен жұмыс істеу үшін қажетті арнайы оқу материалдары мен оқу құралдарының тапшылығына тап болады. Бұл қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімделген әдістемелік ұсыныстарды да, дидактикалық материалдарды да қамтиды. Мұндай ресурстардың болмауы мұғалімдердің жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндіктерін шектейді және жұмыс тиімділігін төмендетеді.

Арнайы мұғалімдер көбінесе шектеулі уақыт жағдайында жұмыс істейді, бұл сабаққа толық дайындықты қиындатады. Олардың көпшілігі көптеген студенттермен сабақ жүргізеді, бұл жазбаша қателерді түзетуді кейінге қалдыруға немесе тиімсіз жүргізуге әкеледі. Жұмыс шарттары әрдайым әр студентке жеткілікті көңіл бөлуге мүмкіндік бермейді, бұл олардың оқуына теріс әсер етеді.

Уақыттың жетіспеушілігі мұғалімдердің біліктілігін арттыруды қиындатады. Көптеген мамандардың қосымша курстардан немесе тренингтерден өту мүмкіндігі жоқ, бұл білім мен

жұмыс әдістерінің ескіруіне әкеледі. Бұл, өз кезегінде, педагогтардың, әсіресе Қазақ тілі контекстінде, жазбаша тілдің бұзылуымен тиімді жұмыс істеуге дайындығын төмендетеді.

Осылайша, ресурстар мен уақыттың жетіспеушілігі арнайы мұғалімдерді жазбаша қателіктерді жеңуге дайындау жағдайына қатты әсер етеді. Бұл мәселені шешу үшін жоғары оқу орындарын қаржыландыруды ұлғайту, заманауи оқу материалдарына қол жеткізуді қамтамасыз ету және педагогтердің біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау қажет. Тек осылай ғана жазбаша сөйлеуде қиындықтарға тап болған балалармен тиімді жұмыс істеуге және олардың сәтті әлеуметтенуіне ықпал етуге болады.

**Әдістемелік қолдау және материалдарға қол жетімділіктің жеткіліксіздігі**

Мамандандырылған оқу материалдары мен дидактикалық құралдарға шектеулі қол жетімділік мұғалімдердің тиімді жұмысқа дайындығын айтарлықтай төмендетеді. Көбінесе оқу орындарында қажетті ресурстар болмайды, бұл оқу процесін қиындатады. Мұғалімдер жазбаша тілі бұзылған балаларға бейімделген дидактикалық материалдардың жетіспеушілігіне тап болуы мүмкін, бұл олардың оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау мүмкіндігін шектейді.

Осылайша, арнайы педагогтердің жазбаша бұзылыстарды жеңуге дайындығы көбінесе әдістемелік қолдаудың болуына және мамандандырылған материалдарға қол жетімділікке байланысты. Жазбаша сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс тиімділігін арттыру үшін мұғалімдерді қажетті ресурстармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби өсуі мен дамуына жағдай жасау қажет.

**Талқылау.** Қазақстанда арнайы педагогтерді жазбаша сөйлеу тілі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге дайындау қажеттілігінің жеткіліктілігін зерделеу мақсатында жүргізілген зерттеу жұмысымыздың нәтижесі ЖОО-ның 11%-ында жазбаша сөйлеу тілі бұзылысын түзетуге бағытталған және ешқайсысында қазақ тіліне басымдық берілген пәндер оқытылмайтынын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, логопед мамандарын даярлау процесінде жазу бұзылыстарынан гөрі сөйлеу бұзылыстарын жою үшін баламен түзету жұмыстарына басым көңіл бөлінетінін айта кету керек. Бұл сөйлеу қабілетінің бұзылуы жазу қабілетінің бұзылуына қарағанда анық көзге түсетіндіктен болса керек. Бірақ жазуда қиындықтары бар балаға дер кезінде арнайы көмек көрсету мектеп беретін білімді меңгерудегі, оқудағы және әлеуметтік бейімделудегі қиындықтарға байланысты жағдайды өзгертетіні сөзсіз.

**Қорытынды.** Ойымызды тұжырымдай келе, жазбаша сөйлеу тілі бұзылысы бар балалармен тиімді жұмыс жүргізу үшін арнайы педагогтарды даярлауда ЖОО-да арнайы оқу пәндері жүргізілу керетігін болжаймыз. Пәнді оқыту барысында студенттер қазақ тіліне тән 9 әрпінің жазылу ерекшеліктерін меңгереді, апострофтарға талдау жасайды, олардың белгілі дәрежеде араласуына ықпал ететін ұқсастығын біледі; қазақ тіліне тән әріптердің бұзылуын түзету ерекшеліктерін зерттейді және т.б. Сәйкесінше, арнайы педагогтарды жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуге бағдарлай отырып даярлау жөніндегі модульдік білім беру бағдарламаларын қайта қарау орынды болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Лалаева Р.И. *Методика психолингвистического исследования нарушений речи: учебно-методическое пособие* / Р.И.Лалаева. - Санкт-Петербург: Наука-Питер, 2006. - 102 с.


2. Суртаева О.Н. *Подготовка педагога в организациях дополнительного профессионального образования к работе по преодолению дисграфии у обучающихся: диссертация - Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук.* - Санкт-Петербург, 2014. - 182 с.

3. Валиуллина Г.В. *Формирование компетентности учителей в вопросах диагностики и коррекции нарушений письма у младших школьников с учетом языковых особенностей региона (на примере Республики Татарстан).* - Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. - Москва, 2009. - 34 с.

4. Клейкина О.В. Организация коррекционной работы с детьми младшего школьного возраста с разными видами дисграфии // Развитие образования. – 2019. – № 4 (6). – С. 23-26.
5. Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования // Педагогика и психология. – 2013. - №2. – С.6-11.
6. Movkebayeva Z.A. Model of formation for readiness to work within inclusive education in teachers // International Journal of Environmental and Science Education, 2016, 11(11), P. 4680–4689
7. Bibigul D., Marina K., Alpysbayeva M., Nietbaeva G. Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education. // Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022, 17(3), P. 920–929.
8. Romanovska L., Janssen R., & Bonte, M. (2021). Cortical responses to letters and ambiguous speech vary with reading skills in dyslexic and typically reading children, *NeuroImage: Clinical*, 30, 102588, <https://doi.org/10.1016/j.nicl.2021.102588>
9. Joshi G.S., & Bouck E.C. (2017). Examining Postsecondary Education Predictors and Participation for Students with Learning Disabilities. *Journal of Learning Disabilities*, 50, 3–13. <https://doi.org/10.1177/0022219415572894>
10. Wicki W., Lichtsteiner S.H. (2018). Improvement of handwriting automaticity among children treated for graphomotor difficulties over a period of six months. *Journal of Occupational Therapy, Schools, & Early Intervention*, 11(2): 148–160. <https://doi.org/10.1080/19411243.2018.1432440>
11. [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program)

References:

1. Lalaeva R.Ī. Metodika psiholingvističeskogo issledovaniya narušeni rechi: učeбно-metodičeskoe posobie / R.Ī.Lalaeva.-Sankt-Peterburg: Nauka-Piter, 2006. - 102 s.
2. Surtaeva O.N. Podgotovka pedagoga v organizasiah dopolnitelnogo profesionálnogo obrazovaniya k rabote po preodoleniu disgrafii u obučaiušihsä: disertasiya - Avtoreferat disertasi na soiskanie uchenoi stepeni kandidata pedagogičeskikh nauk. - Sankt-Peterburg, 2014.- 182 s.
3. Valiullina G.V. Formirovanie kompetentnosti uchitelei v voprosah diagnostiki i koreksii narušeni pisma u mladših škölnikov s uchetom iazykovyh osobenosti regiona (na primere Respubliki Tatarstan). - Avtoreferat disertasi na soiskanie uchenoi stepeni kandidata pedagogičeskikh nauk. - Moskva, 2009. - 34 s.
4. Kleikina O.V. Organizasiya koreksionnoi raboty s detmi mladšego škölnogo vozrasta s raznymi vidami disgrafii // Razvitie obrazovaniya. – 2019. – № 4 (6). – S. 23-26.
5. Movkebaeva Z. A. Voprosy podgotovki pedagogičeskikh kadrov v Respublike Kazahstan k rabote v usloviah inklüzivnogo obrazovaniya // Pedagogika i psihologia. – 2013. - №2. – S.6-11.
6. Movkebayeva Z.A. Model of formation for readiness to work within inclusive education in teachers // International Journal of Environmental and Science Education, 2016, 11(11), R. 4680–4689
7. Bibigul D., Marina K., Alpysbayeva M., Nietbaeva G. Training a special teacher: Opinions and experience of teachers in the conditions of inclusive education. // Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022, 17 (3), R. 920–929.
8. Romanovska L., Janssen R., & Bonte, M. (2021). Cortical responses to letters and ambiguous speech vary with reading skills in dyslexic and typically reading children, *NeuroImage: Clinical*, 30, 102588, <https://doi.org/10.1016/j.nicl.2021.102588>
9. Joshi G.S., & Bouck E.C. (2017). Examining Postsecondary Education Predictors and Participation for Students with Learning Disabilities. *Journal of Learning Disabilities*, 50, 3–13. <https://doi.org/10.1177/0022219415572894>
10. Wicki W., Lichtsteiner S.H. (2018). Improvement of handwriting automaticity among children treated for graphomotor difficulties over a period of six months. *Journal of Occupational Therapy, Schools, & Early Intervention*, 11(2): 148–160. <https://doi.org/10.1080/19411243.2018.1432440>
11. [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program)

Кикбанова А.<sup>1</sup> , Крупельницкая Л.Ф.<sup>2</sup> , Абилдаева Г.С.<sup>3\*</sup> 

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Киевский национальный университет им. Шевченко, г. Киев, Украина

<sup>3</sup>Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

## ФОРМИРОВАНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ГИБРИДНОГО И СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ

### Аннотация

В статье представлены результаты эмпирического исследования формирования критического мышления студентов при вузовском гибридном и смешанном обучении. В настоящее время гибридное и иногда смешанное обучение в вузе стало необходимым и продуманным интеграционным обучением. Целью научного исследования являлось практическая имплементация экспериментального гибридного обучения, в условиях которых развитие критического мышления получает новый импульс. Методический инструментарий: уровень форсированности критического мышления измерялся Калифорнийским тестом для обнаружения навыков критического мышления (ССТСТ); Применен специально разработанный элективный курс и тренинг для студентов, магистрантов и докторантов, внедряемый в образовательную систему Казахского национального педагогического университета им. Абая и Киевского национального университета им. Т.Шевченко. Полученные результаты исследования описывают специфику формирования критического мышления в условиях гибридного обучения. Статистический анализ данных показал положительную динамику и существенный прирост в показателях экспериментальной группы. Практическая апробация и экспериментальная обоснованность эффективности разработанного курса и тренинга дает перспективы для дальнейших исследований данного феномена и практического внедрения инновационных технологий, направленных на развитие критического мышления студентов при гибридной модели обучения.

**Ключевые слова:** критическое мышление, развитие, гибридное обучение, тренинг.

А.Кикбанова,<sup>1</sup> , Л.Ф.Крупельницкая,<sup>2</sup> , Г.С.Әбілдаева<sup>3\*</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Киев ұлттық университеті, Шевченко, Киев қ., Украина




<sup>3</sup>М.Әуезова атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

## ГИБРИДТІ ЖӘНЕ АРАСТА ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНТАЙ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

### Аңдатпа

Мақалада университеттік гибридік білім беруде студенттердің сыни ойлауын дамытуды эмпирикалық зерттеудің нәтижелері берілген. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында гибридік және кейде аралас оқыту қажетті және мұқият ойластырылған интеграциялық оқыту тәжірибесіне айналды. Ғылыми зерттеудің мақсаты сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жаңа серпін алатын жағдайда эксперименттік гибридік оқытуды тәжірибеде жүзеге асыру болды. Әдістемелік құралдар: сыни тұрғыдан ойлау деңгейі Калифорниялық Critical Thinking Skills Test (ССТСТ) арқылы өлшенді; Студенттер, магистранттар және докторанттар үшін арнайы әзірленген элективті курс және тренинг қолданылды, Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің оқу жүйесіне енгізілді. Абай атындағы және Т.Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті. Зерттеу нәтижелері гибридік оқыту жағдайында сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың ерекшеліктерін сипаттайды. Мәліметтерді статистикалық талдау оң динамика мен тәжірибелік топ көрсеткіштерінің айтарлықтай өскенін көрсетті. Практикалық тестілеу және әзірленген курс пен оқытудың тиімділігін эксперименттік негіздеу осы құбылысты одан әрі зерттеуге және гибридік оқыту моделінде оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған инновациялық технологияларды практикалық енгізуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** сыни ойлау, даму, гибридік оқыту, тренинг.

Kikbanova A.,<sup>1</sup>  Krupelnitskaya L.,<sup>2</sup>  Abildaeva G.<sup>3\*</sup>   
<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan  
<sup>2</sup> Taras Shevchenko Kiev National University, Kiev, Ukraine.  
<sup>3</sup> M. Auezov South Kazakhstan University, Chimkent, Kazakhstan

## FORMATION OF STUDENTS' CRITICAL THINKING IN THE CONDITIONS OF HYBRID AND BLENDED LEARNING

### Abstract

The article presents the results of the empirical study of students' critical thinking formation under university hybrid and blended learning. Nowadays, hybrid and sometimes blended learning in higher education institution has become a necessary and thoughtful integrative learning. The aim of the scientific research was the practical implementation of experimental hybrid learning, in which conditions the development of critical thinking receives a new impetus. Methodological tools: the level of critical thinking forcefulness was measured by the California Critical Thinking Skills Test (CCTST); A specially designed elective course and training for undergraduate, graduate and doctoral students, implemented in the educational system of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai and Kyiv National University named after T. Shevchenko, was applied. The obtained results of the study describe the specifics of critical thinking formation in the conditions of hybrid learning. Statistical analysis of the data showed positive dynamics and a significant increase in the indicators of the experimental group. Practical approbation and experimental validity of the effectiveness of the developed course and training gives prospects for further research of this phenomenon and practical implementation of innovative technologies aimed at the development of critical thinking of students in the hybrid model of learning.

**Keywords:** critical thinking, development, hybrid learning, training.

**Введение** В настоящее время в результате интенсивного развития образовательных технологий и экономических возможностей, онлайн-обучение становится все более распространенным. Однако интерактивным средам преподавания и обучения не хватает многих преимуществ, которые есть у очных сред, что приводит к понятию смешанного и гибридного обучения.

Смешанное обучение рассматривается исследователями образования необходимой и прогрессивной моделью обучения во всем мире. Развитие профессионально значимого личностного навыка – способность к критическому мышлению у студентов возможен только при совместной работе преподавателей и самих студентов, при совместном, адекватном выборе формы обучения. Развитием столь важной личностной способности и навыка педагоги занимались и ранее, но сегодня методам формирования критического мышления студентов необходимо новые активные методы или обновление предыдущих.

При осуществлении анализа экспериментальных исследований по выявлению потенциала смешанного и гибридного обучения, было выявлено, что некоторые исследователи ставят своей целью исследования специфику формирования критического мышления студентов в условиях технологии гибридного обучения. Следовательно, необходимы дополнительные исследования, чтобы теоретически обосновать и практически подтвердить эффективность внедрения смешанной модели обучения в смешанных контекстах.

Актуальность исследования феномена формирование критического мышления обусловлена следующими аспектами:

1) В соответствии с образовательными стандартами высшего и послевузовского образования к технологизации образования, где обязательным условием для достижения поставленных целей при изучении учебных предметов является использование образовательных технологий формирования критического мышления на учебных занятиях в вузе для формирования необходимых компетенций - критическому анализу и синтезу информации.

2) Умение мыслить критически необходимо для профессиональной деятельности будущих педагогов и психологов и других специальностей, для самостоятельного анализа



исходных и последующих данных, предвидения последствия своего выбора и ответственности за него.

3) Культура работы с информацией – это ключевой компонент формирования личности студента, необходимый для логического осмысления, нахождения причинно-следственных связей, способности практически воспринимать информацию.

Целью настоящей статьи является, представить вниманию педагогической аудитории результаты теоретического обоснования и экспериментального исследования реализации элективного курса по формированию критического мышления у студентов вуза при гибридном формате обучения.

Задачи исследования:

1) Теоретический анализ понятий «критическое мышление», «гибридное обучение»;

2) Диагностировать уровни сформированности и развития критического мышления студентов;

3) Выявить индикаторы и показатели сформированности критического мышления студентов при организации гибридного обучения;

4) Интерпретировать динамику сформированности критического мышления студентов при имплементации экспериментального элективного курса в рамках гибридного обучения.

В статье нами представлен теоретический и эмпирический обзор специфических особенностей формирования критического мышления студентов в рамках гибридного и смешанного форм обучения.

Практическая значимость результатов проведенного исследования направлена на получение теоретической обоснованности и практического подтверждения технологии формирования критического мышления студентов в условиях гибридного обучения в вузе.

На сегодняшний день проведен ряд исследований в различных странах, который показал, что критическое мышление играет ключевую роль в формировании выводов, принятии решений, генерации идей, профессиональному и личностному росту.

Интеграцией очной и онлайн форм является гибридное обучение. Анализ многочисленных научных работ по теме исследуемой проблеме приводят к пониманию о необходимости придавать большое значение развитию высокого уровня критического мышления, которое станет основой для саморазвития и самоактуализации, умения организовать конструктивный диалог, определять и отразить проблему, найти конструктивные, нестандартные и оригинальные пути решения.

Исследования, посвященные проблеме критического мышления, внедрению рефлексивных практик в условиях blended learning рассматриваются в трудах многих ученых, где исследователи делают выводы о высоком потенциале смешанного обучения с целью формирования когнитивных способностей студентов [1, 2].

J.Rowley [3] указывает на мотивацию студентов и их высокую вовлеченность при гибридном обучении. С выводами автора согласуются и мнения других ученых, занимающихся проблемами гибридного обучения, которые отмечают повышенную гибкость и персонализацию и индивидуализацию разнообразных способов обучения. При применении гибридного обучения в вузе расширяются возможности для инновационных методов обучения [4, 5].

Гибридная модель обучения K.Changwong и A.Sukkamart получила широкое распространение и не раз было доказано, что данную модель можно использовать для развития критического мышления студентов. В указанной модели представлены полученные в результате экспериментальных исследований данные, которые оказались достаточно эффективными при проведении гибридного обучения. В результате применения данной модели наблюдалось развитие в форме повышения уровня критического мышления студентов и интереса к обучению в целом [6].

Следовательно, формирование критического мышления студентов в высших учебных заведениях необходимо не только для текущего академического перформанса студентов, но и в долгосрочной перспективе для конкурентоспособности студента, получения и закрепления навыков саморазвития, творческого подхода, для адаптации и раскрытия профессиональных компетенций. Работодатели высоко оценивают и приветствуют навыки критического мышления у будущих специалистов [7, 8]. Формирование критического мышления – это интеллектуальное развитие, где активизируются умения осмысления, анализа, синтеза и умозаключений [9, 10].

В настоящем исследовании за основу дефиниции самого феномена критическое мышление мы взяли общепринятое определение: критическое мышление является способностью критически анализировать любые утверждения, не принимать их на веру без доказательств, параллельно быть свободным и открытым новым идеям, а также быть ответственным.

В то же время следует учитывать, что сама логика жизни также формирует критическое мышление субъекта, так как исследуемый навык является софт скиллс, значит находится в прямой зависимости от генетической обусловленности домашнего и социального воспитания. Говоря о воспитании, мы придаем большое внимание влиянию профессионалов педагогов на развитие критического мышления обучающихся. Следовательно развитие и развитие критического мышления у обучающихся – это одна из ключевых целей и задач для вузов всего мира.

В основе разработок и создания образовательных технологий 21 века находятся развитие нейронауки, где изучение критического мышления стало наиболее приоритетным. Многочисленные исследования, посвященные анализу традиционных форм обучения, подводят нас к выводам, что данная форма обучения уже не актуальна в современных реалиях, и уже не ведет развитие личности обучающего в нужном направлении. Внедрение современных образовательных технологий получают свою активную и эффективную имплементацию по формированию и развитию критического мышления через взаимодействие преподавателя и студента при создании определенных психолого-педагогических условиях, а именно, при оптимальном выборе организованной формы обучения [11, 12].

Сегодня профессорско-преподавательский состав вузов единодушны в том, что для формирования профессионально значимого личностного навыка – способности к критическому мышлению должны быть созданы другие условия профессиональных и социальных отношений. В данном случае предлагаемый формат обучения – смешанное или гибридное обучение, на наш взгляд, является самым обновленным и многообещающим. При гибридном обучении есть возможность активизировать включенность новых эффективных технологий обучения, использование которых даст обязательно положительный обратный эффект – развитие и развитие гибкости мышления и способности к критическому мышлению.

Зерттеу әдістемесі бойынша әлеуметтік педагогтің дайындығына әсер ететін факторларды талдау үшін біз әртүрлі зерттеу әдістерін, соның ішінде әдістемелік құралдар және инновациялық әдістерді, сондай-ақ алынған деректемелерді талдаудың қолданылу аясы зерттелді.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік педагог, ерекше білім, педагогикалық қызмет, жеке қасиеттер, әлеуметтік-мәдени контекст.

Ерсұлтанова Г.С.,<sup>1\*</sup>  Толубекова Р.К.<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Гумилева, г.Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

г.Алматы, Казахстан

## ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ГОТОВНОСТЬ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА К ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

### Аннотация

В современном Казахстане наблюдается рост потребности в высококвалифицированных социальных педагогах, обладающих компетенциями, необходимыми для оказания эффективной поддержки и помощи в различных социальных сферах общества. Эта потребность связана с рядом проблем, стоящих перед обществом, таких как увеличение числа семей, нуждающихся в социальной поддержке, улучшение качества образования и внедрение инклюзивных практик в образовательные учреждения, а также решение проблем детей и молодежи с особыми образовательными потребностями. В соответствии с этим возрастает потребность в наличии специалистов, обладающих глубокими знаниями, профессиональными навыками и компетенциями в области социальной работы и педагогики, способных эффективно реагировать на различные социальные вызовы и способствовать социальной интеграции и благополучию различных групп населения.

Статья направлена на выявление факторов, влияющих на готовность социального педагога к педагогической деятельности. В ходе исследования рассматриваются основные аспекты данной проблемы, проводится анализ социальных, психологических и образовательных факторов, влияющих на готовность и компетентность социального педагога. Основной целью исследования является выявление факторов, влияющих на готовность социального педагога к эффективной педагогической деятельности с целью дальнейшего развития и совершенствования профессиональной подготовки в данной области.

Для анализа факторов, влияющих на подготовку социального педагога по методике исследования, нами были изучены различные методы исследования, в том числе методические пособия и инновационные методы, а также область применения анализа полученных результатов.

**Ключевые слова:** социальный педагог, особые знания, педагогическая деятельность, личностные качества, социокультурный контекст.

Yersultanova G.,<sup>1\*</sup>  Toleubekova R.<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## FACTORS INFLUENCING THE READINESS OF A SOCIAL PEDAGOGUE FOR PEDAGOGICAL ACTIVITY

### Abstract

In modern Kazakhstan, there is an increasing need for highly qualified social educators with the competencies necessary to provide effective support and assistance in various social spheres of society. This need is related to a number of problems facing society, such as increasing the number of families in need of social support, improving the quality of education and introducing inclusive practices in educational institutions, as well as solving the problems of children and youth with special educational needs. In accordance with this, there is an increasing need for specialists with in-depth knowledge, professional skills and competencies in the field of social work and pedagogy, who are able to

effectively respond to various social challenges and contribute to the social integration and well-being of various groups of the population.

The article is aimed at identifying the factors influencing the readiness of a social pedagogue for pedagogical activity. The study examines the main aspects of this problem, analyzes the social, psychological and educational factors affecting the readiness and competence of a social teacher. The main purpose of the study is to identify the factors influencing the readiness of a social pedagogue for effective pedagogical activity in order to further develop and improve professional training in this field. To analyze the factors influencing the training of a social pedagogue according to the research methodology, we studied various research methods, including methodological manuals and innovative methods, as well as the scope of application of the analysis of the obtained requisites.

**Keywords:** social pedagogue, special knowledge, pedagogical activity, personal qualities, socio-cultural context.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты бірқатар мәселелер туындап отыр. Бұл өзгерістер білім беру саласына да айтарлықтай әсер етеді және әлеуметтік педагогика саласындағы мамандарды даярлауға ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл тұрғыда әлеуметтік педагогтің педагогикалық қызметке дайындығы ерекше маңызға ие, өйткені қазіргі жағдайда кәсіби міндеттерді тиімді орындау оның дайындық деңгейіне байланысты. Әлеуметтік педагогтің педагогикалық қызметке дайындығы қазіргі білім беру жағдайында оның кәсіби міндеттерін жүзеге асырудың негізгі аспектісі болып табылады. Қазіргі жағдай, осы саладағы мамандардан әртүрлі аудиториямен белсенді өзара әрекеттесуді, өзгеретін жағдайларға бейімделуді және оқыту мен тәрбиелеу процесінде инновациялық тәсілдерді қолдануды талап етеді. Әлеуметтік педагогтің рөлі жоғары кәсіби дайындық пен құзыреттілікті талап ете отырып, барған сайын маңызды бола түсуде. Алайда, осы дайындыққа әсер ететін бірқатар факторлар оны әрі қарай зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Әлеуметтік педагогиканы қолдануда әртүрлі елдерде вариациялар байқалады. Кейбір елдерде әлеуметтік педагог мектеппен ынтымақтастықта болса, жоғары оқу орындарында толық уақытты (штаттағы) қызметкер, ал елімізде Германиядағыдай, әлеуметтік педагог мектептің штаттық кестесіне енгізілген [1].

1991 жылы біздің елімізде «әлеуметтік педагог», «әлеуметтік педагог қызметі» деген ұғымдар қалыптасты. Әлеуметтік педагог - жоғары кәсіби білімі бар, барлық балаларға қамқорлық мейірім мен сүйіспеншілік сыйлай алатын, әрбір өскелең ұрпаққа ақылшы, ұйымдастырушы, психолог, тәрбиелеуші, заңдық құқығын қорғаушы. Бұл санатқа толыққанды әлеуметтік тәрбиенің тапшылығы салдарынан туындаған интеллектуалды, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік ауытқулары бар балалар, сондай-ақ, физикалық, психикалық немесе интеллектуалды дамуында бұзылыстары бар балалардың көп бөлігі жатады. Әлеуметтік педагог қызметінің міндетін баланың қоғамға интеграциялануына, оның дамуына, тәрбиесіне, білім алуына, кәсіби қалыптасуына көмек көрсету, басқаша айтқанда баланың әлеуметтенуіне көмек көрсету ретінде анықтауға болады [2].

Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінен әлеуметтік педагогтің әр қырынан қарастырғандарын байқауға болады. Ғалымдар әдетте өз еңбектерінде әртүрлі аспектілеріді жан-жақты талдайды және педагогикалық мәселелерді зерттеу тәсілдерінің әртүрлілігі қалыпты жағдай деп қарастырады. Мысалы, перспективалық бағыттарды айқындау үшін кәсіби біліктілікті қалыптастыру және бағалау болашақ студенттердің қызметі педагогтар мен жас жұмысшылар мұғалімдер қазірдің өзінде іске асырылған жаңғырту жобалары шеңберінде қалыптасқан тәжірибелерді жалпылау, стематизациялау және талдауды талап етеді [3].

Әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау, З.А.Аксютин пікірі бойынша - бұл «Болашақ әлеуметтік педагогтің әлеуметтік тәрбие мен оқыту, әлеуметтік қорғау, қолдау, түзету және өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды оңалту саласындағы кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыру процесі мен нәтижесі арнайы білім, білік және дағдылар жүйесін игеру», деп айтылған [4].

З.Аксютинаның пікірінше, әлеуметтік педагогика саласындағы кәсіби дайындық әлеуметтік тәрбие, оқыту, қорғау, қолдау және өмірді қамтамасыз ету саласындағы түрлі іс-шараларға дайындалуға бағытталған оқыту процесі мен нәтижесі деп санайды. Автор болашақ әлеуметтік педагогтің алдында тұрған көптеген міндеттерді, соның ішінде әлеуметтік тәрбиені, қорғауды, қолдауды және әртүрлі санаттағы адамдардың өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етуді атап көрсеткен.

М.В.Гуковская «Университет жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтің әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігін қалыптастыру» мақаласында әлеуметтік-педагогикалық тәсіл қоғамдағы әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекеттесудің субъектісі ретінде тұлғаның даму деңгейін анықтайтын әртүрлі қызмет түрлерін анықтайды [5]. М.Гуковскаяның пікірінше, негізгі құзыреттер болашақ мамандарды даярлау процесінде маңызды рөл атқарады, әлеуметтік педагогтің негізгі кәсіби дағдылары ретінде әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыретіне баса назар аударылады. Автор әлеуметтік-педагогикалық тәсіл қоғамдағы әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекеттесу саласындағы тұлғаның даму деңгейін анықтайтын әртүрлі қызмет түрлерін анықтауға мүмкіндік беретінін атап көрсеткен.

Әлеуметтік педагог қоршаған ортаны өзгерту, қоғамда адамгершілік, рухани адамгершілік қатынастарды құру, әлеуметтік практикаға, әлеуметтік саясатқа әсер етуші тетіктерін іздеу дағдарыстық жағдайлардың алдын алу, өмір сүру сапасын жақсарту [6]. Авторлар В.Бочарова мен Г.Репринцеваның тұжырымдары әлеуметтік педагогтің әлеуметтік ортаны өзгертудегі, адамгершілік қатынастарды құрудағы және өмір сапасын жақсартудағы рөлінің маңыздылығын атап өтумен байланысты. Олар мемлекеттік білім беру стандарттарын орындау әлеуметтік педагогтің кәсіби дайындығының бір аспектісін және болашақ маманды кәсіби қызметке дайындау екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар, қосымша кәсіптік білім беру жүйесіндегі отбасылық әлеуметтік педагогтарды даярлау бағдарламасы болашақ әлеуметтік педагогтің құзыреттілігінің жоғары деңгейін және әлеуметтік практика мен саясатқа тиімді әсер етуді қамтамасыз ету үшін осы екі аспектіні де ескеруі керек екенін атап көрсетеді.

*Негізгі ережелер.* Қазіргі қоғамда әлеуметтік педагогтің рөлі әлеуметтік мәселелерді шешу және халықтың осал топтарын қолдау тұрғысынан маңыздылығын көрсетіп отырғандықтан, өз қызметін тиімді жүзеге асыру үшін әлеуметтік педагог белгілі бір дайындық пен құзыреттілікке ие болуы керек. Дәл осы аспектілер мен факторлар осы зерттеудің негізі болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындылығын қамтамасыз ететін негізгі факторларды анықтау және олардың өзара ықпалдастығын көрсету мақаланың басты идеясы болып табылады. Мақалада әлеуметтік педагогтың тиімді қызмет көрсетуі үшін қажет болатын білім, дағды, психологиялық қасиеттер мен кәсіби қасиеттер жүйелі түрде қарастырылған. Әлеуметтік педагогтың қызметі – балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік және психологиялық проблемаларын шешуге бағытталғандықтан, педагогтың дайындық деңгейі оның жұмысының нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Мақалада келтірілген негізгі идеялар мен маңызды тұжырымдар:

1. *Білім беру деңгейі:* Әлеуметтік педагогтың кәсіби даярлығына жоғары оқу орнындағы білім беру процесі маңызды ықпал етеді. Бұл білім педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік ғылымдар саласындағы терең түсініктерді қамтиды. Сонымен қатар, теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыру педагогтың тиімді қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

2. *Психологиялық дайындық:* Әлеуметтік педагогтың жұмысы эмоционалды қиындықтарға, стресстік жағдайларға және балалар мен олардың отбасыларымен қарым-қатынас орнатуға байланысты. Сондықтан психологиялық тұрақтылық пен эмпатия, психологиялық төзімділік, балалардың ішкі жағдайын түсіну және әртүрлі психологиялық әдістерді қолдана білу педагогтың табысты жұмыс істеуіне ықпал етеді.

3. *Кәсіби дағдылар мен практикалық тәжірибе:* Әлеуметтік педагогтың білімін тәжірибе арқылы жетілдіруі оның кәсіби шеберлігін арттырады. Бұл дағдылар оқу процесінде ғана емес, нақты жағдайларда жұмыс істеу барысында қалыптасады. Мысалы, балалармен жұмыс істегенде, ата-аналармен байланыс орнатқанда, түрлі әлеуметтік қиындықтарды шешу кезінде әртүрлі педагогикалық әдістерді қолдану дағдылары маңызды.

4. *Қоғамдық және мәдени әсерлер:* Әлеуметтік педагогтың қызметіне оның жұмыс істейтін әлеуметтік ортасы, қоғамдағы әлеуметтік жағдайлар, мәдени ерекшеліктер мен экономикалық жағдайлар әсер етеді. Әрбір бала мен отбасы түрлі әлеуметтік ортадан келеді, сондықтан педагог баланың әлеуметтену деңгейі мен жағдайына байланысты ерекше тәсілдерді қолдануы тиіс. Сонымен қатар, педагогтың қоғамдағы моральдық және этикалық құндылықтарды түсінуі маңызды.

5. *Тәжірибе мен үздіксіз кәсіби даму:* Әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайын болу үшін тәжірибе жинақтау өте маңызды. Үнемі жаңалықтар мен әдіс-тәсілдерге көңіл бөліп, кәсіби біліктілікті арттыру педагогтың жұмыс сапасын жақсартады. Кәсіби даму үдерісі - бұл оқыту, тренингтер, курстар мен әріптестермен тәжірибе алмасу сияқты көптеген мүмкіндіктерді қамтиды.

6. *Қолдау жүйесі:* Әлеуметтік педагогтың жұмысына қоғам мен білім беру мекемелерінің қолдауы үлкен әсер етеді. Бұл қолдау жүйесі педагогтың өзін-өзі дамытуына, кәсіби деңгейін арттыруына және қызметін тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Әлеуметтік педагогтың жұмысында түрлі мамандармен – психологтармен, әлеуметтік қызметкерлермен, медициналық қызметкерлермен және ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу маңызды.

7. *Педагогикалық этика мен құндылықтар:* Әлеуметтік педагогтың жұмысында кәсіби этика, балалардың құқықтарын сақтау, моральдық жауапкершілік сияқты принциптер маңызды орын алады. Әлеуметтік педагог әрбір балаға құрметпен қарап, олардың құқықтарын қорғау мен қолдау көрсетуі тиіс. Бұл педагогтың өз қызметінде әділеттілік, жанашырлық және тәрбие жұмыстарын дұрыс жүргізуін қамтамасыз етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындығының өзектілігі оның өзі жұмыс істейтін әртүрлі әлеуметтік және психологиялық қызметке бейімделу және білім алушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарына тиімді жауап беру қабілетінде жатыр. Осы жағдайларды ескере отырып, бұл зерттеудің негізгі мақсаты қазіргі білім беру парадигмасы жағдайында әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындығын анықтайтын факторларды талдау болып табылады.

*Зерттеудің міндеттері:*

- әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындығына әсер ететін әлеуметтік, психологиялық және білім беру факторларын анықтау;
- аталған факторлардың әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығы мен құзыреттілігіне қолданудың тәжірибесін талдау.

*Зерттеудің бірінші міндеті бойынша.*

Алға қойылған бірінші міндеттің мақсаты әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметке дайындығын анықтайтын негізгі факторларды анықтау болып табылады. Осыған сәйкес, болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға әсер ететін әлеуметтік, психологиялық және білім беру аспектілерін талдауды қамтитын ауқымды зерттеу жүргізілетін болады.

Көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Осы факторларды талдау әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығын қалыптастыру процесін тереңірек түсінуге және қосымша назар аударуды және түзетуді қажет ететін негізгі ойларды анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау процесін жақсартуда және олардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруда практикалық қолданысқа ие болу мүмкін. 1-кестеде жоғарыда аталған факторларға сипаттама берілген.

Кесте 1. Әлеуметтік педагогтің педагогикалық қызметке дайындығына әсер ететін негізгі факторларына сипаттама

Факторлары		
<b>Әлеуметтік факторлар</b> <ul style="list-style-type: none"><li>-әлеуметтік педагог жұмыс істейтін әлеуметтік-мәдени ортаны қамтиды;</li><li>-қоғам мен жеке топтардың алдында тұрған әлеуметтік мәселелерді талдауды қамтиды;</li><li>-кәсіби қызмет жүзеге асырылатын әлеуметтік жағдайларды қамтиды;</li><li>-білім мен педагогикалық жұмысқа қатысты қоғамның талаптары мен үміттерін анықтауға көмектеседі.</li></ul>	<b>Психологиялық факторлар</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- әлеуметтік педагогтің жеке аспектілерін қамтиды;</li><li>- мотивацияны, жеке қасиеттерді, кәсіби көзқарастарды және эмоционалды тұрақтылықты зерттеуді қамтиды;</li><li>- эмпатия және әртүрлі әлеуметтік-мәдени топтармен өзара әрекеттесуі;</li><li>- педагогикалық жұмыстың сәттілігі мен тиімділігін анықтауда шешуші рөл атқарады.</li></ul>	<b>Білім беру факторлары</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- әлеуметтік педагогтің кәсіби дайындығымен байланысты;</li><li>- оқу бағдарламалары, оқыту және тәрбиелеу әдістерінің сапасын бағалауды қамтиды;</li><li>- ресурстар мен мүмкіндіктердің қолжетімділігін қамтиды;</li><li>- қоғамның қазіргі талаптарына және педагогикалық практиканың қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалауды ұйымдастырады.</li></ul>

Зерттеу барысында әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметке дайындығына әсер ететін әртүрлі факторлар қарастырылды. Әлеуметтік, психологиялық және білім беру аспектілерін талдау маңызды рөл атқаратын негізгі ойларды анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік факторлар, соның ішінде әлеуметтік-мәдени орта және қоғам алдында тұрған әлеуметтік мәселелер педагогтің жұмысының мәнмәтінін анықтайды және өзекті әлеуметтік қажеттіліктерге бейімделуді талап етеді. Мотивация, эмоционалды тұрақтылық және эмпатия қабілеті сияқты әлеуметтік педагогтің жеке басының психологиялық сипаттамалары оның қызметінің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Кәсіби даярлықтың сапасы мен оқу бағдарламаларының заманауи талаптарға сәйкестігін қоса алғанда, білім беру факторлары педагогтің құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратындығы айқындалды.

Осы факторларды зерттеу және есепке алу педагогикалық жұмыстың мәнін жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік педагогтарды даярлаудың тиімді стратегияларын жасауға мүмкіндік береді. Жүргізілген талдаудан туындайтын ұсынымдарды енгізу педагогтердің кәсіби даярлығының сапасын және олардың педагогикалық практикасының тиімділігін арттыруға ықпал етеді, бұл сайып келгенде әлеуметтік салаға және тұтастай алғанда қоғамдық дамуға жағымды әсер етеді.

Педагогикалық дайындық процестерін зерттеу әртүрлі әдіснамалық тәсілдерге назар аударуды қажет етеді, өйткені әлеуметтік педагогтің педагогикалық кәсіби дайындығын қалыптастыру процесін жан-жақты талдауды және түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыда зерттеушілер мамандарды даярлаудың әр түрлі аспектілерін жақсы түсіну үшін әртүрлі теориялық және эмпирикалық негіздерге жүгінеді [7].

Әдістемелік тәсілдер. Ғалымдар педагогикалық дайындықты әртүрлі контексттерде, соның ішінде мәдени, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қарастыру үшін әртүрлі әдістемелік тәсілдерге жүгінеді. Олар осы контексттердің әрқайсысының білім беру процестеріне әсерін талдайды, сонымен қатар мұғалімдерді даярлау стратегияларын әзірлеу кезінде ескеруді қажет ететін нақты проблемалар мен қиындықтарды анықтайды.

Инновациялық тәсілдер. Кейбір ғалымдар педагогикалық дайындықта инновациялық тәсілдер мен технологияларды бөліп көрсетеді, ал басқалары дәстүрлі әдістерді ұстанады. Болашақ педагогтарды қазіргі заманның әртүрлі қызметіне тиімді және бейімделген дайындығын қамтамасыз ету үшін әртүрлі тәсілдерді біріктіру маңызды.

Әлеуметтік маманның зерттеу жұмыстарының тиімділігі мен табыстылығы – оның танып білуге қолданған теориялық және практикалық ой-пікірлері, инновациялық әдістері, жаңа технологияларды, коммуникативті әдіс-тәсілдерді қолдануы болып табылады [8].

Осы зерттеудің әдіснамалық негізі әлеуметтік педагогика саласындағы заманауи теориялық тұжырымдамаларды талдауды, эмпирикалық зерттеулерді және әлеуметтік педагогтардың дайындығын бағалау құралдарын практикалық қолдануды қамтиды. Бұл тәсіл әлеуметтік педагогты әлеуметтік кәсіби қызметке даярлаудың неғұрлым тиімді және бейімделген бағдарламаларын әзірлеу, іске асыруға мүмкіндіктер беруі мүмкін.

Қазіргі заманғы білім беру саласында ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл шарттарға арнайы білім беру бағдарламаларын, тәрбие мен оқыту әдістерін қолдану, ұжымдық және жеке оқыту үшін техникалық құралдарды пайдалану, сондай-ақ тьютор, психолог, әлеуметтік педагог және басқа да мамандардың қызметтерін ұсыну кіреді. Мұндай жағдайларды жасау үшін арнайы білім беру ортасын құра алатын және икемді технологияларды пайдалана алатын білім беру (инклюзивті білім беру) саласында құзыретті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету қажет.

Ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар оқытудың әртүрлі әдістерін көздейтін бейімделген және ішінара түрлендірілген оқу бағдарламасы бойынша оқытылуы тиіс. Кез-келген технологияны кіріктірудің алдында педагогикалық тұрғыда дамыған тұлғаның қалыптасуына негіз болатын білім беру ортасын үлгілеу үдерісі жүреді. Инклюзивті білім беруде ерекше білімді қажет ететін оқушыларға ақпараттық білім беру ортасының қолжетімділігін қамтамасыз ету – білім алушы мен педагогтің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен өзара әрекеттесуі үшін қолайлы жағдайлардың жасалуы [9].

Қазіргі қоғам әлеуметтік теңсіздіктер, психикалық денсаулық, инклюзивті білім, көші-қон және т.б. сияқты әртүрлі қиындықтарға тап болуда. Әлеуметтік педагогтар білім алушыларға, оның ішінде осал жағдайларға тап болғандарға әлеуметтік қолдау мен көмек көрсетуде шешуші рөл атқарады.

**Нәтижелер.** Зерттеудің екінші міндеті бойынша. Бірнеше білім беру бағдарламалары мен «психологиялық және әлеуметтік жұмыс» кәсіби стандартының талаптары бойынша ҚР ЖОО-ларының оқу жоспарлары мен кәсіби стандартына салыстырмалы талдауды қамтитын кестені ұсынамыз. Негізгі міндет - білім алушылардың табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасау. Сондай-ақ, кестеде әлеуметтік-педагогикалық қызметпен тікелей байланысты оқу жоспарларының пәндеріне сәйкес келетін дағдылар мен іскерліктер келтірілген. Бұл дағдыларға білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау әдістерін меңгеру, әлеуметтік микроортаның мониторингі, тәрбие мен әлеуметтену жағдайларын талдау, қауіпті тәуекелдерді анықтау, әртүрлі жағдайларда білім алушыларды қолдау, әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға жәрдемдесу, сондай-ақ мінез-құлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу кіреді. Бұл тұжырымдар мен зерттеу нәтижелері білім беру бағдарламаларын бейімдеудің және тиімді әлеуметтік-педагогикалық қызмет үшін кешенді дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді.

*2-кесте. «Әлеуметтік педагогика», «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Әлеуметтік педагогика және тьюторлық» ББ бойынша ҚР жоғары оқу орындарының оқу жоспарларын және «психологиялық және әлеуметтік жұмыс» кәсіби стандартының талаптарын салыстырмалы талдау.*

<b>Іскерліктер мен дағдылар:</b>	<b>Пән / модуль</b>
1. Бейімделудегі қиындықтарды анықтаудың әдістері мен формалары туралы хабардар болу.	Әлеуметтік педагогика Мамандыққа кіріспе Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу және оңалту

	Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу және оңалту
2. Әлеуметтік отбасылық-тұрмыстық проблемалар мен өмір сүру жағдайларын анықтауды уақтылы бақылауды қамтамасыз ету.	Отбасылық педагогика
3. Әкімшілікке бейімделудің, оқытудың, тәрбиенің әртүрлі қиындықтары туралы уақтылы хабарлау.	Әлеуметтік педагогика Мамандыққа кіріспе
4. Білім алушылардың құқықтарын бұзудың әртүрлі әлеуметтік-тұрмыстық, ақпараттық-желілік, әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық нысандары туралы түсініктерге ие болу.	Конфликтология Түзету педагогикасы
5. Баланың құқықтарын қорғауға қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері туралы құзыреттерге ие болу.	Әлеуметтік-педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
Білім: 1. Білім беру жүйесіндегі кәметке толмағандарды әлеуметтендіру процесінің мақсаттары мен міндеттері. 2. Білім алушылардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейту үшін жағдайлар. 3. Рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және дене дамуының құндылықтары. 4. Әлеуметтік жобаларды, бастамаларды, ұйымдарды қамтамасыз ету, қалыптастыру, шығармашылық әлеуетті, қабілеттілікті дамыту және жеке жұмыспен қамту. 5. Балалардың құқықтары мен мүдделерін әлеуметтік-құқықтық қорғауды шешудегі құзыреттер. 6. Отбасылық-тұрмыстық мәселелерді шешудегі құзыреттіліктер. 7. Кәметке толмағандарға әлеуметтік-экономикалық көмек көрсету бойынша. 8. Ақпараттық өріс тенденциялары, әлеуметтік желілер, олардың білім алушыларды оқытуға, дамытуға және әлеуметтендіруге әсері.	Әлеуметтік-педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету Жастармен немесе Юногикамен жұмысты ұйымдастыру Отбасылық педагогика Жас физиологиясы Психология Пенитенциарлық педагогика Девиантология

3-кесте. "Әлеуметтік педагогика", "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану", "Әлеуметтік педагогика және тьюторлық" ББ бойынша ҚР жоғары оқу орындарының оқу жоспарларын және "психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіби стандартының талаптарын салыстырмалы талдау. Кәсіби қызмет 2: жеке тұлғаны әлеуметтендіруге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету

1-міндет: білім алушылардың табысты әлеуметтенуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету

#### Іскерліктер мен дағдылар:

1. Өмірлік қиын жағдайда білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету әдістерін меңгеру.
2. Білім алушылардың әлеуметтік микроортасына мониторинг жүргізу.
3. Білім алушыларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру жағдайларына; проблемаларға, қажеттіліктерге, әлеуметтік тәуекелдерге талдау жүргізу.
4. Өмірге, денсаулыққа, оқуға және әлеуметтенуге қауіпті қауіптерді анықтаңыз.
5. Білім алушыларды әлеуметтік және білім беру қиындықтарында қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.
6. Әлеуметтік құзыреттілікті, әлеуметтік шындық туралы білімді, әлеуметтік мәселелерді шешу тәсілдерін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға жәрдемдесу.

#### Пән

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс  
Әлеуметтік педагогика  
Отбасылық педагогика  
Балалық шақты әлеуметтік қорғау  
Тіршілік қауіпсіздігі негіздері  
Психодиагностика  
Педагогикалық диагностика  
Балалардың бос уақытын ұйымдастыру  
Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы  
Балалардың бос уақытын ұйымдастыру  
Жастармен немесе Юногикамен жұмысты ұйымдастыру



7. Балалар мен жасөспірімдер қылмысының және басқа да әлеуметтік ауытқулардың мінез-құлқы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу. Конфликтология  
Әлеуметтік-педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
8. Білім алушыларға, олардың ата-аналары мен педагогтарына жеке Отбасылық педагогика  
Отбасылық психология негіздері және отбасылық кеңес беру
9. Білім алушылардың өзекті әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, білім алушылардың бос уақытын және шығармашылық іс-шараларын игеруіне Балалардың бос уақытын ұйымдастыру  
Жастармен немесе Юногикамен жұмысты ұйымдастыру  
Босқындар мен мигранттардың отбасыларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс  
Қосымша білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс  
Азаматтардың әлеуметтік осал санатымен жұмысты ұйымдастыру  
Әлеуметтік-педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
- Білім:  
1. Білім беру жүйесіндегі кәмілетке толмағандарды әлеуметтендіру процесінің мақсаттары мен міндеттері. Педагогика  
Философия, Әлеуметтану,  
Саясаттану, Мәдениеттану,  
дене шынықтыру,  
Тіршілік қауіпсіздігі негіздері  
Педагогикалық шеберлік
2. Білім алушылардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейту үшін жағдайлар.
3. Рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және дене дамуының құндылықтары.
4. Әлеуметтік жобаларды, бастамаларды, ұйымдарды қамтамасыз ету, қалыптастыру, шығармашылық әлеуетті, қабілеттілікті дамыту және жеке жұмыспен қамту.
5. Балалардың құқықтары мен мүдделерін әлеуметтік-құқықтық қорғауды шешудегі құзыреттер.
6. Отбасылық-тұрмыстық мәселелерді шешудегі құзыреттіліктер.
7. Кәмілетке толмағандарға әлеуметтік-экономикалық көмек көрсету бойынша.
8. Ақпараттық өріс тенденциялары, әлеуметтік желілер, олардың білім алушыларды оқытуға, дамытуға және әлеуметтендіруге әсері.

Әлеуметтік педагогтің педагогикалық қызметке дайындығы білім беру ортасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және білім алушылардың табысты әлеуметтенуі мен дамуына ықпал етеді. Бұл тек кәсіби әдістер мен әдістерді қолдана білуді ғана емес, сонымен қатар эмпатияны, әлеуметтік мәселелерді түсінуді, бейімделуді және өзін-өзі жетілдіруге дайын болуды білдіреді.

*4-кесте. Кәсіби қызмет 2: жеке тұлғаны әлеуметтендіруге  
әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету*

*1-міндет: білім алушылардың табысты әлеуметтенуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету*

*Кәсіби қызмет 3: материалдық көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету*

*1-міндет: білім беру ұйымдары білім алушыларының әлеуметтік мәселелерін материалдық сүйемелдеуді қамтамасыз ету*

**Іскерліктер мен дағдылар:**

1. Қамқоршылықты тағайындау, жұмысқа орналастыру, патронат бойынша шараларды іске асыру.

**Пән / модуль**

Балалық шақты әлеуметтік қорғау  
Босқындар мен мигранттардың отбасыларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс

2. Қамқоршылық пен қамқоршылыққа мұқтаж кәмелетке толмағандарды заңды сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

3. Білім алушылардың отбасымен өзара іс-қимылды орындау.

4. Білім алушылардың әлеуметтік мәселелері бойынша кеңес беру

5. Отбасылық орталықтармен және жұмыспен қамту орталықтарымен өзара әрекеттесу; әлеуметтік серіктестік мекемелерімен және жеке тұлғаны әлеуметтендіру институттарымен.

6. Қайырымдылық көмекті өткізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Білім:

1. Қызмет бағытына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін

2. Әлеуметтік қиындықтары бар балаларды материалдық және қаржылық қамтамасыз ету институтының атқарушы тетігі.

3. Білім алушыларды оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру кезеңіндегі материалдық жағдайларды жақсарту жолдары мен мүмкіндіктері.

Қосымша білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс  
Азаматтардың әлеуметтік осал санатымен жұмысты ұйымдастыру

Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері  
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

Отбасылық педагогика

Отбасылық психология негіздері және отбасылық кеңес беру

Инклюзивті білім беру негіздері

Отбасылық психология негіздері және отбасылық кеңес беру

Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы

Әлеуметтік-педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Балалардың бос уақытын ұйымдастыру

Қосымша білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс

Азаматтардың әлеуметтік осал санатымен жұмысты ұйымдастыру

Әлеуметтік-педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

**Талқылау.** ҚР жоғары оқу орындарының оқу жоспарларын және біз жүргізген кәсіби стандартты салыстырмалы талдау әлеуметтік педагогтарды даярлау жүйесін жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

Осы бөлімде баяндалған ҚР Кәсіби стандарттарына, сондай-ақ ҚР ЖОО-ларының оқу жоспарларына жасалған талдауды қорытындылай келе, біз мынадай қорытындыға келдік:

*біріншіден*, кәсіби дағдылар мен дағдыларды нақтылау тұрғысынан ҚР кәсіби стандарттарын қайта қарау қажет;

*екіншіден*, ҚР Кәсіби стандарттарында көрсетілген еңбек функцияларын өлшеу тұрғысынан қайта қарау қажет;

*үшіншіден*, ҚР Кәсіби стандартында әлеуметтік педагогтар нақты орындайтын еңбек функцияларын толығырақ сипаттау қажет;

*төртіншіден*, кәсіби стандарттардағы жаңартуларды ескере отырып, болашақ әлеуметтік педагогтар даярлайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарларын өзектендіру.

Жүргізілген зерттеулер келесі қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді:

- болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығын бағалау қажеттілігі және қолданыстағы біліктілік емтиханының форматы шеңберінде кәсіби стандартта сипатталған кәсіби дағдылар мен іскерліктерді өлшеу мүмкін еместігі;

- ЖОО түлектерінің даярлық деңгейінің сәйкестігін анықтау қажеттілігі және педагогика ғылымында осы мәселенің жеткіліксіз әзірленуі;

- болашақ әлеуметтік педагогтардың біліктілігінің жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігін және оқыту нәтижелерінің өлшеуіштерін әзірлеуге, тапсырмалардың мазмұны мен нысанын іріктеуге қойылатын әдістемелік талаптардың әзірленбеуін анықтау қажеттілігі.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметіне дайын болуына әсер ететін түрлі факторларды жан-жақты қарастырып, әлеуметтік педагогика саласындағы жұмыс сапасын арттыру үшін қандай шарттар мен элементтер маңызды екендігін айқындалды. Мақаланың негізінде әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындығы тек білім мен дағдыдан емес, сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік, этикалық, мәдени және қоғамдық факторларға да тәуелді екені көрсетілді. Мақалада талқыланған негізгі тұжырымдар және толықтыруларды қарастыра отырып, біз оның өзекті аспектілерін тереңірек түсіне аламыз.

1. Әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындығына әсер ететін ең бірінші фактор – оның алған білім деңгейі. Оған тек академиялық білім жеткіліксіз. Әлеуметтік педагогика саласындағы білім әртүрлі бағыттарды қамтиды, мысалы:

- Педагогикалық білім: баламен жұмыс істеу, оқыту әдістері, оқу процесін ұйым-дастыру;
- Психологиялық білім: балалардың психологиялық ерекшеліктерін түсіну, мінез-құлықтың мотивациясын анықтау, тұлғалық және әлеуметтік даму мәселелерін шешу;
- Әлеуметтік білім: әлеуметтік әдіс-тәсілдер, қоғамдағы әлеуметтік құрылымдар мен процестерді түсіну, баланың әлеуметтік жағдайы мен ортасын бағалау. Бұл білімдер әлеуметтік педагогтың қызметінде өзара тығыз байланысып, педагогтың баламен ғана емес, оның отбасы, қоғам мен түрлі мекемелермен жұмысын тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Әлеуметтік педагогтың жұмысы практикалық сипатқа ие болғандықтан, теориялық білімді нақты жағдайда қолдана білу өте маңызды.

2. Әлеуметтік педагогтың психологиялық дайындығы оның жұмысының сапасына тікелей әсер етеді. Мақалада ерекше тоқталған аспектілердің бірі – эмоционалды интеллект. Әлеуметтік педагог балалармен және олардың отбасыларымен қарым-қатынас кезінде қиындықтарға тап болады, сондықтан оның эмоциялық тұрақтылығы мен адамның ішкі күйін түсіну қабілеті маңызды. Бұл қасиет баланың мінез-құлқын дұрыс түсініп, оған сәйкес әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге әсер ету қабілеті, сондай-ақ «кері байланыс» алу және оны дұрыс қолдану да маңызды. Әлеуметтік педагог өзінің эмоционалды күйін бақылап, балаға стресс жағдайларында дұрыс қолдау көрсетуі керек. Мұндай қасиеттер педагогтың әлеуметтік мәселелерді шешуде табысты болуына ықпал етеді.

3. Әлеуметтік педагогтың қызметі тәжірибеге негізделген. Мақалада бұл аспект бірнеше рет атап өтілген: әлеуметтік педагог әр түрлі жағдайларда жұмыс істейді, сондықтан оған кең ауқымды практикалық дағдыларды меңгеру қажет. Бұл дағдылар балалармен жұмыс істеуден бастап, әлеуметтік қызметкерлермен, психологтармен және басқа да мамандармен тиімді коммуникация орнатуды қамтиды. Тәжірибенің арқасында әлеуметтік педагог өзінің жұмыс әдістерін жетілдіріп, әрбір жағдайға ерекше көзқарас таныта алады.

Әлеуметтік педагогтың тәжірибесі кәсіби қауымдастықтармен, тренингтермен, семинарлармен және конференциялармен тығыз байланысты болуы керек. Әлеуметтік педагогтар арасында тәжірибе алмасу – бұл әрбір педагогтың білімін арттыратын маңызды кезең. Бұл тәжірибе бірлескен жобалар, іс-шаралар, балалар мен отбасыларға арналған арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Әлеуметтік педагогтың қызметіне әсер ететін тағы бір маңызды фактор – қоғамдық және мәдени контекст. Әлеуметтік педагогтың жұмысында әрбір баланың әлеуметтік ортасын ескеру маңызды. Мақалада айтылғандай, балалардың және олардың отбасыларының әлеуметтік жағдайлары мен мәдени ерекшеліктері педагогикалық әдістерді таңдауда үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік педагог өз жұмысында қоғамның мәдени және әлеуметтік

ерекшеліктерін ескеруі қажет. Мысалы, әртүрлі ұлттар мен мәдениеттерден шыққан балаларға арнап арнайы педагогикалық әдіс-тәсілдер әзірлеу керек. Әлеуметтік педагогтың түрлі әлеуметтік қабаттармен жұмыс істеуге дайын болуы, оның білімінің тереңдігі мен қоғамға ықпалының күшті екендігін білдіреді.

5. Әлеуметтік педагогтың үнемі кәсіби даму жолында болуы қажет. Мақалада үздіксіз білім алу қажеттілігі атап көрсетілген. Әлеуметтік педагог әрдайым жаңа әдіс-тәсілдермен танысып, түрлі тренингтер мен курстарға қатысып, білімін толықтыруы тиіс. Әлеуметтік педагогтың кәсіби дамуы оның жұмыс тиімділігін арттырып, балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсету қабілетін күшейтеді.

Бұл үдеріс педагогтың кәсіби қоғамдастықтармен ынтымақтастығы арқылы да жүзеге асады. Қоғамдық пікір мен әріптестердің пікірі әлеуметтік педагогтың дамуында маңызды рөл атқарады.

6. Әлеуметтік педагогтың жұмысының нәтижелі болуы үшін оны қолдайтын жүйелердің болуы маңызды. Бұл жүйелер әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен мекемелердің арасындағы ынтымақтастықты қамтиды. Әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, медициналық қызметкерлер, ата-аналар мен қоғам арасында жақсы үйлесімді жұмыс – әлеуметтік педагогтың тиімділігін арттыратын негізгі факторлардың бірі. Мақалада бұл аспект ерекше атап өтілген, себебі бір адамның күш-жігері шектеулі болады, ал көп салалы ынтымақтастық әлдеқайда жақсы нәтижелерге жетелейді.

7. Әлеуметтік педагогтың этикалық көзқарастары, құқықтық және моральдық жауапкершілігі оның жұмысына бағыт береді. Мақалада педагогтың кәсіби этикасы мен құндылықтар жүйесі бала мен оның отбасымен жұмыс істеу барысында ең маңызды факторлар ретінде қарастырылады. Әлеуметтік педагог балалардың құқықтарын құрметтеп, олардың жеке тұлғасын бағалай отырып, әділ және парасатты шешімдер қабылдауы қажет.

**Қорытынды.** Тез өзгертін қоғам мен білім беру ортасында әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындығының өзектілігі артып келеді, өйткені үздіксіз даму және жаңа сын-қатерлер мен өзгерістерге бейімделу қажет. Әлеуметтік педагог тек техникалық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік процестерді терең түсінуді және өз жұмысында инновациялық тәсілдерді жүзеге асыруға дайындықты талап етеді.

Жоғарыда келтірілген зерттеу қорытындысында әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметке дайындығының маңыздылығын атап өткен жөн. Әлеуметтік, психологиялық және білім беру факторларын талдау осы дайындықтың күрделілігі мен жан-жақтылығын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік-мәдени орта және қоғамның талаптары сияқты әлеуметтік факторлар әлеуметтік педагогтардың дайындығын қалыптастырады және оның тәсілдерін әлеуметтік жағдайларға бейімдеудің маңыздылығын анықтайды. Психологиялық аспектілер, соның ішінде мотивация мен эмпатия, әлеуметтік тәрбиешінің әр түрлі топтармен тиімді қарым-қатынас жасауында шешуші рөл атқарады. Білім беру факторлары күрделі әлеуметтік ортада жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби дайындықтың сапасы мен тиімділігін анықтайды. Әлеуметтік педагогтарды даярлау процесін жетілдіру үшін осы факторларды ескеріп, мамандарда теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар әртүрлі әлеуметтік-мәдени қызметтерде табысты жұмыс істеу үшін қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған инновациялық тәсілдерді әзірлеу қажет. Бұл оқу бағдарламаларын жетілдіруді, студенттердің практикалық мүмкіндіктерін кеңейтуді және білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Жалпы, әлеуметтік педагогтың педагогикалық қызметке дайындығы оның кәсібилігінің негізгі аспектісі болып табылады және білім алушылардың әртүрлі топтарына ұсынылатын білім сапасы мен әлеуметтік қолдауға әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Булатбаева А.А., Мынбаева А.К., Таубаева Ш.Т. Казахстанский опыт проектирования содержания подготовки социальных педагогов //Высшее образование сегодня. –2016. –№. 2. –38-43 с.
2. Касымова Р.С. Әлеуметтік педагогтің жұмыс технологиясы: Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.
3. Рытов А.И., Фиофанова О.А. Международный анализ моделей, применяемый в практике оценки компетенций учителей // Высшее образование сегодня. 2017. № 3. 49–5 с.
4. Аксиютин З.А. Углубленная профессиональная подготовка социальных педагогов в педагогическом вузе : дис. – спец. 13.00. 08/Аксиютин ЗА–Омск, 2006.–223 с., 2006.
5. Гуковская М.В. Формирование компетенции социального взаимодействия будущего социального педагога в условиях вуза //Москва. – 2008.
6. Бочарова В.Г., репринцева Г.И. Программа подготовки семейных социальных педагогов в системе дополнительного профессионального образования //Социальная педагогика в России. Научно-методический журнал. – 2011. – №. 3. – 90-92 с.
7. Роберт И.В. Методология научно-педагогического исследования в области информатизации образования //Педагогическая информатика. – 2019. – №. 3. – 109-130 с.
8. Касымова Р.С. Әлеуметтік педагогтің жұмыс технологиясы: Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.
9. Литвак Р.А. Подготовка социальных педагогов к организации инклюзивного образования //Социальная педагогика. – 2014. – №. 4. – 89-96 с.
10. Профессиональный стандарт «Психологическая и социальная работа» // Утвержден приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 30 мая 2019 года № 292
11. Типовых квалификационных характеристик должностей педагогов // Утверждены приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 13 июля 2009 года № 338. Внесены изменения согласно приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 марта 2022 года № 121.
12. Ерсұлтанова А.С., Карелхан Н. Инклюзивті білім беруде цифрлық сауаттылықты жобаға бағыттап оқытудың теориялық негіздері //Вестник «Физико-математические науки». – 2022. – Т. 80. – №. 4. – 228-235 с.

References:

1. Býlatbaeva A. A., Mynbaeva A. K., Taýbaeva Sh. T. Kazahstansku opyt proektirovaniya soderjania podgotovki sosialnyh pedagogov //Vysshee obrazovanie segodná. – 2016. – №. 2. – S. 38-43
2. Kasymova R.S. Áleýmettik pedagogtyń jumys tehnologiasy: Oqý quraly. Almaty: Qazúy, 2020. – 200 b.
3. Rytov A.I., Fiofanova O.A. Mejdýnarodnyi analiz modelei, primenáemyi v praktike osenki kompetensu ýchitelei // Vysshee obrazovanie segodná. 2017. № 3. S. 49-5
4. Aksýtina Z. A. Ýglýblennaia professionalnaia podgotovka sosialnyh pedagogov v pedagogicheskom výze : dis. – spes. 13.00. 08/Aksýtina ZA–Omsk, 2006.-223 s, 2006.
5. Gýkovskaa M. V. Formirovanie kompetensu sosialnogo vzaimodeistvia býdýshego sosialnogo pedagoga v ýsloviah výza //Moskva. – 2008.
6. Bocharova V. G., reprinseva G. I. Programma podgotovki semeynyh sosialnyh pedagogov v sisteme dopolnitelnogo professionalnogo obrazovaniya //Sosialnaia pedagogika v Rossii. Naýchno-metodicheskú jýrnal. – 2011. – №. 3. – S. 90-92.
7. Robert I. V. Metodologia naýchno-pedagogicheskogo issledovaniya v oblasti informatizasiu obrazovaniya //Pedagogicheskaiia informatika. – 2019. – №. 3. – S. 109-130.
8. Kasymova R.S. Áleýmettik pedagogtyń jumys tehnologiasy: Oqý quraly. Almaty: Qazúy, 2020. – 200 b
9. Litvak R.A. Podgotovka sosialnyh pedagogov k organizasiu inklúzivnogo obrazovaniya //Sosialnaia pedagogika. – 2014. – №. 4. – S. 89-96.
10. Professional'nyj standart «Psihologicheskaya i social'naya rabota» // Utverzhdén prikazom Ministra truda i social'noj zashchity naseleniya Respubliki Kazahstan ot 30 maya 2019 goda № 292
11. Tipovyh kvalifikacionnyh harakteristik dolzhnostej pedagogov // Utverzhdény prikazom Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 13 iyulya 2009 goda № 338. Vneseny izmeneniya soglasno prikazu Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 31 marta 2022 goda № 121.
12. Ersýltanova A.S., Karelhan N. inklúzivti bilim berýde sifrlyq sayattylyqta jobağa baғыttap oqytýdyń teorialyq negizderi //Vestnik "Fiziko-matematicheskúe naýki". – 2022. – T. 80. – №. 4. – S. 228-235.

Makimova G.,<sup>1\*</sup>  Baisultanova S. <sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Kazakh al-Farabi National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>SDU University, Almaty, Kazakhstan

## NEW INFORMATION TECHNOLOGIES IN TEACHING GENERAL EDUCATION DISCIPLINES

### Abstract

This clause is dedicated to the diligence of contemporary enlightenment technologies in commandment trains of the linguistic cycle. The characteristics of the application of contemporary enlightenment technologies in humanities are considered.

The goal is to apply educational technologies and processes in education. Identified are the irreplaceable sources of recognized enlightenment for a polyglot, presented in the configuration of arrays (databases) of enlightenment located on uncertain resources of cyberspace. The nature of ecumenical and characteristic tasks of informatization of linguistic and well-read consciousness is considered, electronic educational and well-managed processes in the configuration of cyberspace libraries are highlighted: dictionaries, encyclopedias, databases, archives, their fundamental characteristics are shown - complete. .

Well-controlled innovation is a tricky business because the information in electronic databases is constantly updated and the materials intended for evaluation have not previously been subjected to careful analysis. The functional meaning is a false indication that in reality the recommended educational technologies support a euphemism designed to speed up and pass through the experience and carefully controlled assessment of educators.

**Keywords:** technologies, information resource, general education disciplines, electronic encyclopedias, foreign language.

Г.Т.Макимова <sup>1\*</sup>  С.Ч.Байсултанова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университет, Алматы қ., Қазақстан

SDU университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

### Аңдатпа

Бұл мақала оқытуда заманауи білім беру технологияларын қолдануға арналған. Гуманитарлық ғылымдарда заманауи білім беру технологияларын қолдану ерекшеліктері қарастырылады.

Мақсаты – білім беруде білім беру технологиялары мен процестерін қолдану. Киберкеңістіктің белгісіз ресурстарында орналасқан ағарту массивтерінің (дерекқорларының) конфигурациясында ұсынылған Полиглот үшін жалпыға бірдей танылған ағартудың таптырмас көздері анықталды. Экуменизмнің табиғаты және тілдік және оқылған сананы ақпараттандырудың тән міндеттері қарастырылады, киберкеңістік кітапханаларының конфигурациясында электронды білім беру және жақсы басқарылатын процестер бөлінеді: сөздіктер, энциклопедиялар, мәліметтер базасы, мұрағаттар, олардың негізгі сипаттамалары - толықтығы көрсетілген.

Жақсы бақыланатын инновациялар күрделі бизнес болып табылады, өйткені электрондық дерекқорлардағы ақпарат үнемі жаңартылып отырады және бағалауға арналған материалдар бұрын мұқият талданбаған. Функционалдық маңыздылығы шын мәнінде ұсынылған білім беру технологиялары тәжірибені жеделдетуге және жеткізуге және мұғалімдерді мұқият бақыланатын бағалауға арналған эвфемизмді қолдайтынын жалған көрсеткіш болып табылады.

**Түйін сөздер:** технологиялар, ақпараттық ресурстар, жалпы білім беретін пәндер, электронды энциклопедиялар, шет тілі.

Макимова Г.Т., \*<sup>1</sup> ID Байсултанова С.Ч.<sup>2</sup> ID

<sup>1</sup>Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, г.Алматы, Казакстан  
SDU университет, г.Алматы, Казакстан

## НОВЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

### Аннотация

Данная статья посвящена применению современных технологий. Рассматриваются особенности применения современных технологий образования в гуманитарных науках.

Цель - применение образовательных технологий и процессов в образовании. Определены незаменимые источники общепризнанного просвещения для полиглота, представленные в конфигурации массивов (баз данных) просвещения, расположенных на неопределенных ресурсах киберпространства. Рассмотрена природа экуменизма и характерные задачи информатизации языкового и начитанного сознания, выделены электронные образовательные и хорошо управляемые процессы в конфигурации библиотек киберпространства: словари, энциклопедии, базы данных, архивы, показаны их фундаментальные характеристики - полнота.

Хорошо контролируемые инновации - это сложный бизнес, поскольку информация в электронных базах данных постоянно обновляется, а материалы, предназначенные для оценки, ранее не подвергались тщательному анализу. Функциональное значение является ложным указанием на то, что на самом деле рекомендуемые образовательные технологии поддерживают эвфемизм, предназначенный для ускорения и передачи опыта и тщательно контролируемой оценки педагогов.

**Ключевые слова:** технологии, информационный ресурс, общеобразовательные дисциплины, электронные энциклопедии, иностранный язык.

**Introduction.** In the contemporary enlightenment sovereign state a individual be required to chalk up not by oneself a trustworthy proportion of consciousness and competencies, on the other hand furthermore be accomplished to memorize: to search through examine and treasure trove the all-important data file application a diversification of enlightenment fountain-heads to disentangle acknowledged problems, incessantly invest in supplementary knowledge.

The exploitation of enlightenment technologies is defined by a accelerated modification in conceptual concepts, technological have in mind undergrounds and comedians of application. Outstanding to the actuality that enlightenment technologies and the enlightenment surrounding as a integral are ever-changing dramatically every year, sovereign state be in want of general public with enlightenment application competence, who are accomplished to become versed elbow grease severally with data file and by oneself so they testament be accomplished to enumeration on achiever in the enlightenment sovereign state [Abramova, 2018].

